

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№ 6 хаттама

Кентау қаласы

14. 02. 2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, техн.ғ.к., доцент Г.Н.Қазбекова, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: О.Д.Меирбекова, Ә.Т.Баялы және ОПҚ.

Күн тәртібінде

1. ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау
2. ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау.
3. Көктемгі сессия емтихан түрлерін, талқылау, бекітуге ұсыну
4. Әр түрлі мәселелер
- 4.1 Техн.ғ.д., Н.Т.Рустамов, аға оқытушылар О.Д.Меирбекова және Ш.А.Бабаханның «Техникалық жүйелердің сенімділігі» атты оқу құралын баспадан шығару үшін университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну туралы.

Бірінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч университет тарапынан ұсынылған ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама өткізілетіндігін атап өтті. Бұл сауалнама білім беру бағдарламасының мазмұнын, оқу үдерісін ұйымдастыруды, бағалау жүйесін, академиялық адалдық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауға арналған. Сіздердің жауаптарыңыз білім беру сапасын жақсартуға көмектеседі. Сауалнама толығымен анонимді. Жалпы университет деңгейінде сауалнама Google формада орнатылып, статистика жүргізіледі және есебі қорытынды аттестаттау басталғаннан бастап ақпарат ретінде беріледі. Білім алушылардың 100% сауалнамаға қатысуын қамтамасыз ету қажеттілігі, сауалнамаға білім алушылардың қатысымына статистикалық талдау жүргізілетіндігін айтты.

Шешім 1.1:

ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында

университет әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылатын сауалнамаларға факультет білім алушыларының толық қатысымы ұйымдастырылсын.

Екінші мәселе бойынша сөз алған факультет Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Калимбетова білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілері болмағандығын атап өтті. Дегенмен, ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілерінің алдын алу шараларын қамтамасыз ету, ұдайы назарда ұстау қажеттігін ескертті.

Шешім 2.1:

ББ білімгерлерінің, оқытушы-профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілерінің алдын алу ұдайы назарға алынсын.

Үшінші мәселе Көктемгі сессия емтихан түрлерін, талқылау, бекітуге ұсыну бойынша сөз кезегін алған Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.Калимбетова кафедралар ұсыныстары негізінде әзірленген көктемгі семестрге арналған емтихан түрлері бойынша ұсыныспен таныстырды. Инженерия факультетінде 2024-2025 оқу жылында күндізгі оқу түрі бакалавриат және магистратура бойынша емтихандар тапсырылады. Инженерия факультетінде 2024-2025 оқу жылында күндізгі оқу түрі бойынша (бакалавриат) білім алушылардың көктемгі семестрде өтілетін пәндерден емтихан қабылдау түрлері:

Электр инженериясы кафедрасы білім беру бағдарламалары бойынша жоба қорғау - 8 емтихан, жазбаша – 10 емтихан,

Компьютерлік инженерия кафедрасы 17 емтихан – жоба қорғау, жазбаша - 8 емтихан. Барлық білім беру бағдарламалары үшін Ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәні бойынша - тест ЭЕМ. Жалпы саны – 44 емтихан қабылданады.

Көктемгі семестрде магистратура деңгейінде 9 пән бойынша толығымен емтихан қабылдау түр жоба қорғау түрінде өтетіндігін атап өтті. Оның ішінде Электр инженериясы кафедрасынан 7М07130-Электр энергетикасы БББ - 3 емтихан, Компьютерлік инженерия кафедрасы 7М06128 - Ақпараттық жүйелер БББ - 3 емтихан, 7М06146-Компьютерлік инженерия БББ - 3 емтихан.

Шешім 3.1

Көктемгі сессия емтихан түрлері бекітуге университет Оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылсын.


Өртүрлі мәселе бойынша факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы: п.ғ.к., доцент Г.Ж.Ниязова сөз алып, техн.ғ.д., Н.Т.Рустамов., аға оқытушылар О.Д.Меирбекова және Ш.А.Бабаханның «Техникалық жүйелердің сенімділігі» атты оқу құралы 6В07154-Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білімгерлер үшін өте қажетті құрал екендігін айтып, мазмұнымен таныстырды. Сонымен қатар

бұл оқу құралы білімгерлердің сабақ барысында қолдануға өте тиімді екендігін айтып, баспадан шығару үшін Университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну үшін дауыс беру қажеттігін айтты. Оқу-әдістемелік комитет мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім: 4.1


Электр инженериясы кафедрасы техн.ғ.д., Н.Т.Рустамов, аға оқытушылар О.Д.Меирбекова және Ш.А.Бабахан әзірлеген «Техникалық жүйелердің сенімділігі» атты оқу құралы баспадан шығару үшін университеттің Оқу-әдістемелік комитетіне ұсынылсын.

**Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Г.Ж.Ниязова

Хатшы



О.М.Меирбекова